

## Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір өкімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 28 тамыздағы N 404 Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 312 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 29.08.2016 № 312 Жарлығымен.**

Мемлекеттік нышандарды насихаттау мен қолдану жұмысын жетілдіру және Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссияның қызметін жандандыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай өкімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 2 шілдедегі N 3578 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 30, 268-құжат; 2001 ж., N 23, 282-құжат; 2002 ж., N 42, 415-құжат):

4-тармақтағы "Ә.Кекілбаев" деген сөз алынып тасталсын;

аталған өкіммен бекітілген Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссия туралы ереже, осы өкімге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) "Мемлекеттік рәміздер жөніндегі республикалық комиссияның құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 15 шілдедегі N 58 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2001 ж., N 23, 282-құжат; 2002 ж., N 42, 415-құжат):

Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Тасмағамбетов - Қазақстан Республикасының  
Иманғали Нұрғалиұлы Мемлекеттік хатшысы, Комиссия

төрағасы,

Қалетаев - Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі,  
Дархан Аманұлы Комиссия төрағасының

орынбасары,

Исекешов - Қазақстан Республикасы Индустрия  
Әсет Өрентайұлы және сауда вице-министрі,

Қадырова - Қазақстан Республикасы  
Зәуре Жүсіпқызы Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік-  
мәдени даму жөніндегі комитетінің  
төрайымы (келісімі бойынша),

Сұлтанов - Қазақстан Республикасы  
Қуаныш Сұлтанұлы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-  
мәдени даму жөніндегі комитетінің  
төрағасы (келісімі бойынша),

Шалахметов - "Қазақпарат" ұлттық компаниясы"  
Ғаділбек Мінәжұлы ААҚ президенті (келісім бойынша);

"Мұқашев - "Алматықалабезендіру" акционерлік  
Төлеубек Төлеуұлы қоғамының президенті"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Мұқашев - "Алматы қалалық мәслихатының  
Төлеубек Төлеуұлы хатшысы (келісім бойынша)";

аталған Комиссияның құрамынан: Б.Б.Қанешев, А.Қ.Құсайынов, В.А.Лаптев,  
Қ.К.Тоқаев шығарылсын.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері мемлекеттік  
нышандар жөніндегі комиссияны құратын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі облыстардың, Астана және Алматы  
қалаларының әкімдері жанындағы мемлекеттік нышандар жөніндегі комиссиялар  
туралы үлгі ережені әзірлеп, бекітсін.

4. Осы өкім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2003 жылғы 28 тамыздағы

№ 404 өкіміне

қосымша

Қазақстан Республикасы

Президентінің

1997 жылғы 2 шілдедегі

№ 3578 өкімімен

BEKİTİLGEN

# **Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссия туралы ЕРЕЖЕ**

Осы Ереже "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Конституциялық заңға және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы" Конституциялық заң күші бар Жарлығына сәйкес Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) мәртебесін, өкілеттіктерін және қызметін ұйымдастыруды айқындайды.

## **1. Жалпы ережелер**

1. Комиссия Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады, ол мемлекеттік нышандарды зерделеу, насихаттау мен қолдану, мемлекеттік стильді қалыптастыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының өкімдерін, сондай-ақ осы Ережені б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

3. Комиссия төрағасы лауазымы жағынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы болып табылады.

## **2. Комиссияның негізгі міндеттері**

4. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы азаматтарының бойында мемлекеттік нышандарға деген құрмет сезімін қалыптастыру;

2) Мемлекет басшысына мемлекеттік нышандарды насихаттау мен қолдану, мемлекеттік стильді қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстарды дайындау;

3) мемлекеттің өзіндік сәйкестендіру процестерін зерделеу, мемлекеттік сәйкестендіру нышандары мен геральдикалық таңбаларды насихаттау мен енгізу жөніндегі ұсынымдарды тұжырымдау, сондай-ақ оларды қолданудың құқықтық базасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды енгізу болып табылады.

## **3. Комиссияның функциялары**

5. Осы Ережеде айқындалған негізгі міндеттерді атқару үшін Комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Мемлекет басшысына мемлекеттік нышандарды насихаттау мен қолдану саласындағы құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды енгізеді;

2) мемлекеттің өзіндік сәйкестендіру нышандарының және Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық ұйымдардың нышандарының жобаларын қарап, олар бойынша консультативтік қорытындылар береді;

3) орталық атқарушы органдарға мемлекеттік стильді қалыптастыру мәселелері бойынша зерттеулер жүргізу туралы ұсыныстар енгізеді;

4) мемлекеттік нышандарды ресми іс-шаралар өткізу кезінде, қоғам қызметінің түрлі салаларында және әскери әрі өзге де атрибутикада қолданудың рәсімдік ережелерін әзірлеуге қатысады;

5) мемлекеттік нышандарды насихаттау мен қолдану жөніндегі жұмыс барысында туындаған мәселелерді шешуде орталық және жергілікті атқарушы органдарға консультативтік көмек көрсетеді;

6) геральдикалық таңбалардың жобаларын талқылауға қатысады әрі олар бойынша қорытындылар береді;

7) белгіленген тәртіппен мемлекеттік билік органдарымен, бейүкіметтік ұйымдармен, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл ж а с а й д ы ;

8) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша азаматтардың арыз-өтініштерін, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламаларын қарайды;

9) халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықта болады, мемлекеттік нышандарды насихаттау мен қолдану мәселелері жөніндегі конференцияларға, жиналыстарға, семинарларға қатысады.

#### **4. Комиссияның өкілеттіктері**

6. Комиссия негізгі міндеттерін іске асыру мақсатында:

1) Комиссия құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдардан және лауазымды тұлғалардан қажетті ақпаратты, құжаттарды, өзге де материалдар мен мәліметтерді сұратып алуға;

2) өз отырыстарында орталық және жергілікті атқарушы органдар басшыларының Мемлекет басшысының мемлекеттік нышандар мәселелері жөніндегі актілерін іске асыру мақсатында олардың жүргізетін жұмысы туралы е с е п т е р і н т ы ң д а у ғ а ;

3) мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарын насихаттау мен қолдану жөніндегі қызметін уәкілетті мемлекеттік органдардың тексеруіне бастамашылық жасауға;

4) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мемлекеттік нышандарды насихаттау мен қолдану мәселелері жөніндегі жұмысын зерделеуге, талдауға, қорытындысын жинақтауға; Осы мақсатта орталық және жергілікті атқарушы органдардың, шығармашылық, ғылыми ұйымдардың және оқу орындарының мамандарын тартуға;

5) тиісті мемлекеттік органдардың басшыларына Қазақстан Республикасының заңнамасын мемлекеттік нышандарды қолдану бөлігінде бұзу фактілері бойынша тексерулер мен қызметтік тексерістер жүргізуді ұсынуға;

6) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері жанындағы мемлекеттік нышандар жөніндегі комиссиялардың қызметін үйлестіруге және бақылау жасауға, олардың қызметі туралы есептерді тыңдауға;

7) ғылыми мекемелердің, білім беру ұйымдарының және бейүкіметтік ұйымдардың қоғамдық негізде жұмыс істейтін өкілдерінен:

сарапшылық-талдау зерттеулерін жүргізу үшін сарапшылар кеңесін;

Комиссия құзыретіне кіретін жекелеген мәселелерді қарау үшін жұмыс топтарын құруға;

8) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің, сондай-ақ өзге де мемлекеттердің ұқсас құрылымдарымен мемлекеттік нышандарды қолдану мен насихаттау практикасына байланысты мәселелерді талқылау үшін ынтымақтастықта болуға хақылы.

## **5. Комиссия қызметін ұйымдастыру**

7. Комиссияның құрамын Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының ұсынуы бойынша бекітеді.

8. Комиссия төрағадан, төрағаның орынбасарынан, хатшыдан және Комиссияның жұмысына қоғамдық негізде қатысатын мүшелерінен құралады.

### **9. Комиссия төрағасы:**

1) Комиссияға жалпы басшылықты жүзеге асырады, оның отырыстарында төрағалық етеді;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің алдында Комиссия жұмысы туралы тұрақты есеп береді әрі оған мемлекеттік органдардың мемлекеттік нышандарды қолдану мен насихаттау саласындағы қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) Комиссияның сарапшылар кеңесі мен жұмыс топтарының құрамын бекітеді;

4) Комиссия мүшелерінің арасында тапсырмаларды бөледі;

5) Комиссия жұмысының жоспарларын бекітеді, Комиссия отырыстарының күн тәртібін айқындап, хаттамаларына қол қояды;

6) Комиссия мүшелерінің Комиссия қызметін жетілдіру және оның құзыретіне кіретін басқа да мәселелер бойынша ұсыныстарын қарайды;

7) Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік-құқықтық актілерінде, тапсырмаларында және осы Ережеде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

#### 10. Комиссия хатшысы:

1) Комиссия жұмысының ағымдағы және перспективадағы жоспарларының жобаларын, оның отырыстарына материалдарды дайындауды жүзеге асырады, төрағаның қарауына отырыстардың күн тәртібінің жобасын енгізеді;

2) іс жүргізуге жауап береді және Комиссия жұмысының жоспарларын іске асыруға бақылауды қамтамасыз етеді;

3) жұмыс топтарының және сарапшылар кеңесінің жұмысын үйлестіреді;

4) қорытындыларды талап ететін материалдарды Комиссияның сарапшылар кеңесіне немесе бұл мәселе мемлекеттік органның құзыретіне кіретін болса, сол мемлекеттік органға жолдайды;

5) осы Ережеде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

11. Комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі болып табылады.

#### Жұмыс органы:

1) Комиссияның қызметін ақпараттық-талдауды және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етеді;

2) ақпаратты жинап-өңдеуді, мемлекеттік нышандарды қолдану мен насихаттау практикасын талдауды жүзеге асырады, осы саладағы жұмысты жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдайды;

3) Комиссия құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, лауазымды тұлғалармен және ұйымдармен қызметтік хат жазысады;

4) Комиссия қызметін қамтамасыз етуге қажетті өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

12. Комиссия отырыстарын оның төрағасы қажеттігіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет шақырады.

13. Комиссия отырыстары оның мүшелерінің жартысынан астамы қатысқанда, құқықтық күші бар деп саналады.

14. Комиссия шешімдері ұсынымдық сипатта болады. Қажетті кезінде олар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының өкімімен ресімделеді.

15. Комиссия шешімдері оның отырысына қатысқандар санының кемінде үштен екісінің даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең түскенде, төраға жақтап дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

16. Комиссия мүшелерінің жазбаша түрде баяндалуға әрі хаттамаға қоса берілуге тиіс ерекше пікірін білдіруге құқығы бар.

17. Комиссия өкілеттіктерінің шегінде қабылданатын оның шешімдері тиісті мемлекеттік органдарға жолданады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ